

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

7. Абдуова Б. С., Асанова У. О. Концепт "Надежда" в национальном представлении казахского народа //Евразийское Научное Объединение. – 2017. – Т. 2. – №. 10. – С. 124-128.

8. Омарова С.К., Асанова Ұ.О. Бір негізді сөйлемдердің семантикалық және логика-прагматикалық ерекшеліктері//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2018. -№2 (57). -151-155 б.

9. Қадашева Қ., Асанова Ұ.О., Омарова С.Қ. Туыс тілдерді оқыту әдістемесі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -2016. -№3 (38). -41-55 б.

10. Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2022 жылғы 25 мамырдағы №336 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000336>

11. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Импакт факторлы басылымдарға мақала жариялаудың негізгі талаптары мен өлшемдері//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. -№3/1 (59). 177-183

АСАНОВА ҰЛМЕКЕН ОТАРҚЫЗЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Құлманов Қ.С.,
Құрмашқызы Ә.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
kuandik_1971@mail.ru*

Аннотация. Мақалада белгілі ғалым-әдіскер Асанова Ұлмекен Отарқызының оқу құралдары мен ғылыми, ғылыми-әдістемелік мақалаларына ғылыми-әдістемелік тұрғыдан шолу жасалады. Және де әдіскер-ұстаздың бірнеше жылдан бері жинақтаған тәжірибесін оқу үдерісінде қолдану барысы сөз етіледі.

Кілт сөздер: қазақ тілін оқыту әдістемесі, оқытудың жаңаша технологиясы, тіл дамыту, грамматикалық-коммуникативтік жаттығулар, еркін тілдік қарым-қатынас жасау, заманауи технологияларды қолдану.

Аннотация: В статье рассматриваются учебные пособия и статьи известного ученого-методиста Асановой Улмекен Отаровны с научно-методической точки зрения. Изучен процесс применения накопленного за несколько лет опыта педагога-методиста в образовательном процессе.

Ключевые слова: методика обучения казахскому языку, новая технология обучения, развитие речи, грамматико-коммуникативные упражнения, свободное языковое общение, использование современных технологий.

Белгілі ғалым-әдіскер Ұлмекен Отарқызы – оқыту әдістемесімен тұрақты түрде айналысып келе жатқан ұстаз. Ұлмекен Отарқызы ұзақ жылдан бері жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі, оқытудың жаңаша технологиясы, тіл дамыту, педагогикалық тәжірибе мәселелері туралы зерттеп және оларды ғылыми айналымға шығарып жүргендігін білеміз.

Ұлағатты ұстаз, әдіскер-ғалым, зерттеуші Асанова Ұлмекен Отарқызы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің практикалық қазақ тілі кафедрасында 2014 жылдан бастап еңбек етіп келеді. Университетімізге келгеннен бері Ұлмекен Отарқызы университеттің ғылыми әлеуетін қалыптастыруға және өзінің іс-тәжірибесін жастарға үйретуге баса назар аударып келе жатқандығын нақты істері арқылы көріп жүрміз. Жыл сайын университет деңгейінде жаңа технологияға сай бірнеше рет ашық сабақтар өткізіп, факультеттің жас оқытушыларына бағыт-бағдар беріп, ондаған жылғы іс-тәжірибесін олардың бойларына сіңіре беруі кемел көрегендік пен адамгершіліктің белгісі деп білеміз. Ұстаздардың ұстазы бола білген Ұлмекен Отарқызының еңбектері оқу үдерісін ұйымдастыруда пайдаланылуда.

Асанова Ұлмекен Отарқызы – ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысып келе жатқан ғалым. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша 1 монография (Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін) және 40-тан астам оқу-әдістемелік кешендері мен оқу құралдары авторларының бірі. Заң факультетінің студенттеріне арналған Қазақ тілі оқулығы, оқу орыс тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептің 5-11 сыныптарына арналған Қазақ тілі деңгейлік оқу-әдістемелік кешендері, мемлекеттік қызметкерлерге арналған Қазақ тілі оқулықтары, орыс тілді топтарға арналған Қазақ тілі оқу құралы, Аудиовизуалды оқу құралы және қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы, Қазақ халқының салт-дәстүрлерін оқыту әдістемесі, құқықтану мамандығында оқитын орыс тілді топтарға арнаған Кәсіби қазақ тілі оқу-әдістемелік құралдары және жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған В1(орта деңгей), В2-1 (ортадан жоғары деңгей) оқу құралдары білім алушылардың игілігіне жарауда. Ұлмекен Отарқызы 2013, 2015, 2017, 2019, 2021, 2022 жылдары қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты жазылған оқу құралдарына авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерін де алған.

Ғалым-әдіскердің 100-ден астам ғылыми мақалалары шетелдік басылымдарда, РИНЦ журналдарында, сондай-ақ отандық ККСОН журналдарында, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарық көрді. Scopus деректер базасымен индекстелетін рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда 3 мақаласы жарияланған. Хирш индексі -1.

Асанова Ұлмекен Отарқызы түрлі ғылыми жобаларға қатысып, ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді. «Қыпшақ-оғыз тілдерінің қазіргі жіктелу жүйесі: теориясы және әдістемесі» атты ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған гранттық жобаның орындаушысы (2011-2013жж.), «Еуразиялық кеңістіктегі

түркі тілдері: оқытудың басым бағыттары» атты ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған гранттық жобаның жетекшісі (2013-2014 жж.) болды. Ұлмекен Отарқызы – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін «Қазақ тілі» жалпы білім беру пәнінің типтік оқу бағдарламасы авторларының бірі.

Кейінгі жылдары жарыққа шыққан еңбектеріне талдау жасайтын болсақ, Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы, Қазақ тілі: Тыңдалым бөлігі, Кәсіби қазақ тілі: Құқықтану мамандығында оқитын орыс тілді топтарға арналған оқу-әдістемелік құрал, Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы, Кәсіби қазақ тілі, Аудиовизуалды оқу құралы, Қазақ тілі (B1 деңгейіне арналған оқу құралы), Қазақ тілі (B2-1 деңгейіне арналған оқу құралы) т.б. еңбектерін атауға болады.

Ұлмекен Отарқызының «Кәсіби қазақ тілі» оқу құралының басты мақсаты – жоғары оқу орындарында бакалавр мамандықтары бойынша білім алып жүрген студенттер қазақ тілінің кәсіби тілдік жүйесін мәдени-танымдық және қатысымдық әрекеттер арқылы меңгертуге арналған. Сонымен қатар тіл үйренушілердің мемлекеттік тіл бойынша базалық білімін одан әрі тереңдетіп, сөйлеу біліктілігін жетілдіру, кәсіби-іскерлік байланыс саласында қазақша әңгімелесе алу, өз ой-пікірін еркін жеткізе білу дағдысын қалыптастыру мақсатын көздейді. Аталмыш еңбектің мазмұнында қазақ тілінің лексика-грамматикалық заңдылықтарын қамтитын тілдік тұлғалар да қамтылған. Арнайы іріктеліп алынған мәтіндер құрамында грамматикалық-коммуникативтік жаттығулар мен әртүрлі танымдық тапсырмалар легі жүйелі берілгендігін байқаймыз. Еңбектің тағы бір ерекше тұстары нақыл сөздер, мақал-мәтелдер мәтін тақырыбына сәйкес берілуінде. Оқу құралында тіл үйренушілердің ақыл-ойы мен қатысымға түсу белсенділігін жетілдіруге арналған жеке, жұптық, топтық жұмыстар да оңтайлы берілгендігін аңғарамыз. Ұтымды берілген тапсырмалар, біріншіден, тіл үйренушінің тіл байлығын дамытуға септігін тигізсе, екіншіден, олардың өз қызмет саласында кәсіби қарым-қатынасқа түсу үшін кәсіби қатысымдық тілдік және сөйлеу құзіреттерін жетілдіруіне мүмкіндік туғызары анық. Қазіргі заманауи озық технологияға негізделіп, әдістемелік тұрғыдан барлық талаптарға сай жазылған еңбек деуге болады.

Ұ.О.Асанованың келесі еңбегі «Қазақ тілі» (B1 деңгейі) оқу құралы – жоғары оқу орындарының орыс бөлімі студенттеріне арналған типтік оқу бағдарламасын басшылыққа алып жазылған еңбек. Оқу құралында көріп-байқау, естіп-қабылдау арқылы жүргізілетін аудиовизуалды тапсырмаларды көптеп беруімен ерекшеленеді. ЖОО-ға арналған бағдарламаға сәйкес тақырыптар мазмұнын кеңінен ашатын, студенттердің сөздік қорын және тілін дамыту үшін белгілі бір мақсатқа сай іріктелген бейнебаян материалдары тіл үйренушілердің танымын, тілін, саналы есінде сақтау қабілетін күшейтетін әрекеттерді қамтитын жұмыс түрлерін ұтымды беруі еңбектің құндылығын арттыра түседі. Жаңа типтік бағдарламаны басшылыққа ала отырып жазылған еңбекті оқу үдерісінде әріптестеріміз пайдалануда. Білімгерлердің сөйлеу тілін

жетілдіруде сұхбаттарды монологке айналдырып, оған өз көзқарастарын білдіру, монологты диалогке айналдыру, жағдаяттар бойынша сұхбаттасу, үлгі бойынша сұхбат құрастыру сияқты жұмыс түрлері берілген. Әрине, бас-аяғы 50 минутта практикалық сабақта уақыт тапшы. Сабақтан тыс уақытта білімгерлердің өздік жұмысында берілетін түрлі тапсырмалар легі де оңтайлы берілген. Ең бастысы аталмыш еңбекке деген сұраныс бар. Осы тұрғыдан алғанда еңбектің өміршеңдігі келіп туындайды.

Әдіскер-ғалым ұстаздың келесі еңбегі «Қазақ тілі» (B2-1 деңгейі) оқу құралы авторлық бірлікте дайындалған. Оқу құралында «Отбасы-шағын мемлекет», «Табысқа барар жол», «Жастар мәселесі», «Білім-болашақ баспалдағы», «Дүниетаным», «Цифрлық Қазақстан: ақпарат және технология» деп аталатын бірнеше ірі модуль іріктеліп алынған. Модульдік тақырыптар бойынша қарастырылған түрлі танымдық сипаттағы мәтіндер мен коммуникативтік тапсырмалар білім алушылардың тілдік дағдылары мен сөйлеу іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Аталмыш еңбекте таңдалған мәтіндер оқу талаптарына сай және түрлі тапсырмалар, сұхбаттар мен сұрақ-жауап тәсілдері, бейнежазбалардың таңдалуы, тестік, жағдаяттық тапсырмалар бірізді ұйымдастырылған. Авторлар орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін оқытудың соңғы лингвистикалық және әдістемелік жетістіктеріне сүйене жазған. Тіл оқыту барысындағы деңгейлік, коммуникативті бағдарлы әдісті қолданған. Оқу құралында мәтіндер ірі модульдерге топтастырылып алынып, оларға тиісті тақырыптар мен грамматикалық тапсырмалар жүйелі, бірізді, өзара сабақтастықта берілген. Бұл арқылы сөйлесуге баулу, қазақ тілінің айтылу мен жазылу заңдылықтарын меңгерту, тиянақты ойды жеткізетін сөйлемдер мен тұтас мәтіндерді талдай білуге қол жеткізуді мақсат еткен оқу құралының тәрбиелік сипаты да ерекше берілген. Тіл оқыту арқылы білім алушының талабын ұштап, шығармашылық, тұлғалық дамуына мүмкіндік беру, танымдық, тәрбиелік, ақпараттық сипаттағы мәтіндер арқылы саралау, зерделеу, ой түйю дағдыларын қалыптастыру көзделгендігін аңғарамыз. Нақты тақырыптар бойынша ұсынылған өздік жұмыс түрлері де білім алушылардың еркін пікір алысып, оны іс жүзінде қолдана білуіне, біліктілік дағдыларын практика жүзінде нақтылауға ықпал ететіндігі де белгілі. Оқу құралы тіл үйренушілерді жүйелі, жан-жақты мәлімет алуға, қазақ тілінде еркін тілдік қарым-қатынас жасай алуына жетелейтіндігі анық. Осы айтылғандар еңбектің өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық және тәжірибелік тұрғыда шешуде коммуникативті құзыреттілік пен оған жету жолдары ең өзекті мәселе болмақ. Сондықтан да қазақ тілін оқыту тәжірибесінде коммуникативтік оқытуға үлкен көңіл бөлінеді.

Асанова Ұлмекен Отарқызының «Қазақ тілін оқытуда бейнематериалдарды пайдаланудың тиімді тәсілдері» атты мақаласында алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерге сүйенеді. Сонымен қатар, өзінің ұзақ жылғы іс тәжірибесімен мақаланы жазу барысында әріптестерімен бөліседі.

Тіл үйренушінің маңызды міндеті – тіл сабағында әртүрлі әдістер мен жұмыс тәсілдерін (рөлдік ойындар, пікірталастар, шығармашылық жобалар және т.б.) пайдалана отырып, білім алушылардың арасында нақты қарым-қатынас жағдайларын туғызу [1, 161]. Әрине, қазіргі Қазақ елінің тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүрінің, тілдің шынайылығының айқын бейнесін көрсететін көрнекі материалдар беру маңызды екендігі белгілі. Осы мәселелерді шешу үшін заманауи технологияларды қолдану қажет. Оқу үдерісінде заманауи технологияны пайдалану тіл үйретушілердің де, тіл үйренушілердің де мүмкіндіктерін кеңейтері анық.

Әдіскер мақаланы жазу барысында бірнеше әдіс-тәсілдерді алға тартады.

Бейнежазба әдісі көрнекі әдістер тобына жатады. Ол оқыту және тәрбиелеу функцияларын қамтиды, бұл визуалды құралдардың тиімділігі сол – көрнекі түрде ұсынылған ақпарат тез және жылдам қабылданады. Сонымен қатар, сабақта бейнефильмдерді пайдалану студенттердің қызығушылығын арттырып, тілек-мүдделерін қанағаттандыруға көмектеседі.

Алайда көрнекі әдісті (бейнематериалдарды көрсету) пайдаланған кезде әдіскер үйретуші мына жайларға көңіл аударуы керек:

- пайдаланылатын бейнематериалдардың кімдерге арналғандығы;
- пайдаланылатын бейнематериалдар білім алушылардың білім деңгейіне сәйкес келуі;
- көрнекілік белгілі бір көлемде сабақтың қажетті жерінде бірте-бірте ғана көрсетілуі;
- бейнематериалдардың дұрыс таңдалуы;
- бейнематериалдарды барлық студенттер бірдей көре алатындай етіп ұйымдастырылуы;
- негізгі, аса маңызды мәселелерге айрықша мән берілуі;
- бейнефильмді көрсету кезінде келтірілген үзінділердің егжей-тегжейлі түсіндірілуі;
- көрсетілетін бейнематериал өтілетін сабақ тақырыбына сәйкес әрі оқу материалдарымен дәлме-дәл келуі [1,162].

Автор бейнефильммен жүргізілетін жұмыс түрлері кітаппен немесе газет мәтіндерімен жұмыс істеу тәсіліне ұқсас екендігін айта келе, оның ара-жігін ашып көрсетеді. Осында да үш негізгі кезең бар: мәтінге дейінгі кезең, мәтін кезеңі, мәтіннен кейінгі кезең деп әрқайсысына тоқталады және нақты мысалдармен дәйектейді.

Ұлмекен Отарқызының «Мәтінмен жұмыс істеудің тиімді әдіс-тәсілдері» атты мақаласында: Мәтінге дейінгі кезеңде жүргізілетін жұмыстың тиімді түрі антипатция (ықтималды болжау). Бұл әдіс студенттердің жаңа тақырыппен таныспай тұрып, өздері оқитын мәтінде не туралы айтылатынын алдын-ала болжау керектігімен ерекшеленеді. Студент мәтінді оқығаннан кейін, жасаған болжамының тақырыппен сәйкес келген-келмегенін салыстырады [2, 20].

Автор мақалада мәтінді бағалау тәсілі, ассоциация тәсілі, бірін-бірі оқыту әдісі, мәтінге белгі қойып оқу немесе *INSERT* тәсілін ұтымды қолдана білген. Және де түрлі мысалдар арқылы жан-жақты түсіндіреді.

Асанова Ұлмекен Отарқызының өскелең ұрпақты тәрбиелеу және оқыту ісінде аяндай еңбек етіп жүргендігі баршамызға белгілі.

Бүгін ардақты апамыз, ұстаздардың ұстазы – Асанова Ұлмекен Отарқызы 60 жасқа толып отыр. Мерейтой иесіне зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір, отбасына амандық, баянды бақыт тілейміз. Алдағы уақытта мемлекеттік тілдің өркендеуіне үлес қоса беріңіз демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ тілін оқытуда бейнематериалдарды пайдаланудың тиімді тәсілдері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. №4 (63). – Астана, 2018. –161-164 бб.

2. Мәтінмен жұмыс істеудің тиімді әдіс-тәсілдері. Тілдерді оқыту әдістемесін жетілдіру және озық тәжірибелер алаңы //II Халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн-семинар материалдары. – Қазан-Астана-Измир, 2018. –20-21 бб.

ТІЛ ҮЙРЕТУ ОҚУЛЫҚТАРЫ: ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ (профессор Ұ.Асанованың оқу құралына шолу)

*Сапина С.М., ф.ғ.к., проф.
Astana IT University
s_sapina@mail.ru*

Аннотация. Мақала педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Ұ.О.Асанованың авторлығымен жарық көрген «Қазақ тілі. Орыс тілді топтарға арналған оқу құралын» талдауға арналған. Тіл үйретуге арналған оқу құралдарын жазудың әлемдік технологиясына негізделген еңбектің өзіндік ерекшеліктері, әдістемелік жаңашылдығы, дидактикалық ұстанымдары сөз болады. Мақалада қазақ тілін оқып-үйретудің инновациялық, интербелсенді әдістерін басшылыққа алып құралған оқу құралының мазмұны, құрылымы, теориялық және практикалық құндылығы талданады. Автор оқу құралын пайдалану барысындағы жеке тәжірибесіне сүйеніп, пайдалануға оңтайлылығын, ұтымды тұстарын, тиімділігін ашып көрсетеді.

Кілт сөздер: тіл үйрету, жаңашыл оқулық, тіл үйрету әдістемесі, қатысымдық әдіс.

Аннотация. Статья посвящена анализу учебного пособия «Қазақ тілі. Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы», изданного заповд авторством кандидата педагогических наук, профессора У.О.Асановой. Будут рассмотрены оригинальные черты, методические новации, дидактические позиции работы, основанные на мировой технологии написания учебных материалов для обучения языку. В статье анализируются содержание, структура, теоретическая